

8. Лежнева Н. В. Построение университетской образовательной системы на основе синергетических принципов // Синергетика в психологии профессионального развития: Сб. науч. тр. / Под ред. Э. Ф. Зеера. – Екатеринбург: Рос. гос. проф.- пед. ун-т, 2004

9. Педагогический менеджмент и управление развитием образования/ Т.М.Баймолдаев, И.А.Носков и др./Алматы-Самара, 2007

10. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб. для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений / С. А. Смирнов, И. Б. Котова, Е. Н. Шиянов и др.; Под ред. М. Потапчик. Качество образования: проблемы и технологии управления. М.: Педагогическое общество России. 2002.

11. Советский энциклопедический словарь. Ред. А.М.Прохоров. М. 1989

12. www.stat.su Система статистики и мониторинга сайтов

Автор еңбегінде ақпараттық-қатынас саласындағы портал түсінігінің мән-мағынасын ашып көрсетеді.

ӨОЖ 377.35:378.18 = 37.01

Кажимова Қ.Р.

*«Жалпы педагогика және информатика»
кафедрасының магистрі*

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН ТЕКСЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қазақстанның жоғары мектебі дүниежүзілік білім деңгейіне жетуге және бірыңғай білім беру жетістігіне еруге ұмтылуда. Алға қойған мақсаттарға жету механизмі Болондық процестің өлшемдерін орындау болып табылады. 1999 жылдан бері Еуропа елдерінің тегіс қолдап отырған Болон декларациясының басты принциптері мыналар:

- жоғары білім берудің үш деңгейін бекіту: бакалавриат, магистратура, докторантура;

- оқыту процесін ұйымдастырудың және оқыту нәтижесін бағалаудың еуропалық кредит жүйесін енгізу;

- оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы;

- білім беру барысында еуропалық сапа деңгейін қамтамасыз етіп, жоғары білім сапасын бақылау.

Осы тұрғыда студенттердің білімін, білігін, дағдысын есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы баршылық.

Кредиттік оқыту жүйесінде бақылаудың түрлерін ұйымдастырудың, оның әдіс-тәсілдерінің теориялық мәселелерін Е.Я. Коган, А.И. Чучалин, Ә.М. Муханбетжанованың ғылыми педагогикалық еңбектерінде талданған.

Бақылауды ұйымдастырудың жекелеген әдістемелік мәселелері жайында А.Е. Абылқасымова, Г.Н. Гамарнина, И.Ф. Талызина және т.б. теориялық талдау жасаған.

Жоғары оқу орнының оқыту процесінде студенттердің білімін, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Оқытушының дәрістері, семинарлар, өзіндік жұмыс жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі - көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі.

Қазіргі кезде студенттің білімін есепке алу, бақылау және бағалау үшін мынадай жұмыстың түрлерін қолданып жүр: реферат, практикалық сабақтарда үй тапсырмасын сұрау, ОЖСӨЖ тапсырмаларын орындау, жазба жұмыс түрінде аралық бақылау, емтихан.

Жоғары білім сапасына бақылау енгізу үшін «Білім туралы» заңға сай «мемлекеттік аралық бақылау» ұғымы енгізілді (1). Ол білім беру сапасына бағалаудың ұлттық жүйесіне енеді. Мемлекеттік аралық бақылау – оқыту сапасын білім беру ұйымдарында тәуелсіз бақылаудың бір түрі. Оның басты міндеттері бірыңғай өлшеуіш материалдардың көмегімен мемлекеттік бақылауды және білім беру сапасын басқаруды, білім беру сапасын бағалаудың әділдігін, сенімділігін арттырудың мониторингі болып табылады.

Мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) - студент үшін де, жоғары оқу орны үшін де үлкен сын. Студент оның жақсы нәтижесі үшін оқуын әрі қарай жалғастырады, ал жоғары оқу орны үшін рейтингісін жоғарылатуға септігін тигізеді.

МАБ-тың даярлығына әсер ететін факторларды үш топқа бөлуге болады. Атап айтқанда, Ұлттық тестілеу орталығынан келетін тестілердің сапасы, студенттердің белсенділігі, оқытушылардың нәтижелі жұмысы.

Ұлттық тестілеу орталығынан келген тестілерді талдау, қазақ бөлімінің студенттеріне 1-3 баллды аз жинауға жағдай жасайтынын байқауға болады. Тестілерде екі дұрыс жауабы бар тапсырмалар кездеседі. Мысалы: «Бала тәрбиесінде негізгі рөлді атқаратын» деген сұрақта, студент «мектеп» деген жауапты

тандаған, ал тестілеу орталығынан келген жауап «отбасы». «Отбасының креативті қызметі» деген сұраққа студент түгіл, оқытушының өзі жауап іздеп біраз қиналады. Тестілерде «неоцентризм», «мезофактор», «констатациялайтын», «қатынас шкаласы», «коллегиялық», «иерархиялық тәуелділік», т.б. көптеген студент түсінбейтін ұғымдарды енгізген. Кейбір тестілердің жауаптары дұрыс емес. Осыған орай студенттер жылма-жыл апелляцияға жүгінуге мәжбүр болып отыр.

Өкінішке орай, қазақ бөлімдерінің біраз студенттерінің ойы – көрсетілген межеден өтсек болды, сондықтан жоғары нәтиже алуға ыждағаттылық танытпайды. Өткен оқу жылында 6203 тобының 4 студенті педагогикадан 20 балл жинады, «5» алуларына 1 балл жетпей қалды. Біздің тәжірибеміз тек тәртіпті, оқуда белсенділік танытатын студенттер ғана МАБ-та жоғары нәтижеге ие болатынын көрсетіп отыр. Өкінішке орай, бізде оқу процесіне селсоқ қарайтын студенттер баршылық.

Тестіні шешуде студенттердің ойлау операцияларын меңгеруінің, терминдерді білуі, тіл байлығының үлкен рөлі бар. Қазақ халқы сөздің құдіретін, оның астарларын, байланыстарын, себеп-салдарын жақсы білген. Міне, осы біздің студенттерге жетіспей жатыр. Мысалы, «қалыптастырушы эксперимент бағытталады» деген сұраққа, студент «алғашқы жағдайды анықтауға» деген жауапты тандаған, керегі «зерттеу пәнін өзгертуге». «Қалыптастыру» сөзі өзгертумен байланысып жатқанын студент аңғармай тұр. «Сананы қалыптастыру әдісі» деген сұраққа студент «жаттығу» дегенді тандаған, керегі «этикалық әңгіме». Студент «жаттығудың» іс-әрекетке қатысты екендігін, ал «әңгіме», яғни сөйлеу адамның санасына қатысы бар екендігін түсіне алмай тұр. Өкінішке орай, студент тестіде кездесетін, номиналды, интервалды, рангтік, эмпирикалық, соборлық, альтруизм, т.б. сөздердің мәнін түсінбейді.

Студенттерді МАБ-қа даярлауда оқытушының көп жұмыстану қажеттігін практика көрсетіп отыр. Ең алдымен оқытушы тестілеу орталығынан келетін тестілерді өзі талдап шығуы тиіс. Мысалы, «доступность» деген сөзді тестіде «түсініктілік» деп аударған, бізше, «шамаға лайықты». «Түсініктілік» сөзінің мағынасын ұғынбағандықтан, студенттер дұрыс жауап таба алмай жүр. Оқытушы «фронтальды», «монолог», «позитивті қатынас», «репродуктивтік», т.б. көптеген сөздердің мағынасын студенттерге ашып берудің қажеттігі бар. Студенттерге «тестінің валидтілігі»,

«оқу-тәрбие процесін оптималдандыру», «педоцентрлік», шетел педагогика бағыттарын, т.б. қиын сұрақтарды жете түсіндіру керек. Оқыту процесінде компьютер арқылы тестілерді шешуге қатыстырып отырған абзал. Өкінішке орай, оқулықта кездеспейтін Трамп жоспары, Мангеймдік мектеп жүйесі, Келлер жоспары, т.б. оқытушы студенттерге арнайы түсіндіру қажет. Тәжірибе осы сұрақтарға қатысты тестілерде студент қате жіберетінін көрсетіп отыр. Студенттерге МАБ-қа даярлану жеңіл болу үшін үстіміздегі жылы Алматының «Арыс» баспасынан психологиялық-педагогикалық сөздік шығардық.

Студенттерді өзіндік жұмыстарды орындаудың алгоритміне үйрете отырып, өзіндік жұмысы мен өзіндік тапсырмаларды орындауға қажетті біліктерді қалыптастырудың қажеттігі бар. Өзіндік жұмыстағы қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мына түрлерін меңгергені абзал: электронды оқулықтар, өтілген материалдарды қайталауға арналған бағдарламалар, білімді бақылайтын, мәтіндерді, іскерлік пен дағдыларды тексеретін автоматтандырылған жүйелер, т.б.

Қорыта айтқанда, студенттер мен оқытушылар бірлесіп белсенді іс-әрекет жасағанда ғана МАБ-та жоғары жетістікке жетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. Астана, 2007.
2. Психологиялық-педагогикалық сөздік. Редакциясын басқарған Б.А.Молдағалиев. Алматы, 2010.
3. Иманбаева С.Т. Жоғары оқу орындарында кредиттік технология бойынша оқыту жүйесін ұйымдастыру. // Қазақстан мектебі. №1, 2005.
4. Муханбетжанова Ә.М. Қазіргі педагогика ғылымындағы инновациялық үрдістер.//«Жоғары оқу орнындағы оқытудың инновациялық технологиялары мен интерактивтік әдістері» конференция материалдары. Орал, 2006.

В статье рассматриваются вопросы подготовки студентов к промежуточному государственному контролю по педагогике.

In this article there are considered some problems of students to the intermediate state control in pedagogic.